

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзара сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1274 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзара сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзара сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап . Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне , (Жалпы бөлім), (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша)); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56-құжат; 57, 66; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат; N 14, 58-құжат):

1) 108-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Өзара сақтандыруды жүзеге асыратын тұтыну кооперативтері қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады."

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 803-баптың 2-тармағындағы "не өзара сақтандыру қоғамына мүшелік негізінде" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 814-баптың екінші бөлігінде "лицензиясы бар" деген сөздерден кейін "не өзара сақтандыру жөніндегі сақтандыру қызметін Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 845 - бапта :

2-тармақтың екінші бөлігінде "ерекшеліктері" деген сөздің алдынан ", өзара сақтандыруды жүзеге асырудың" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін сақтандыруды сақтандыру шарттары негізінде жүзеге асырады."

3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56-құжат; 64, 68; N 14, 109-құжат; N 15, 122-құжат, 139; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат, 140; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат):

1) 173-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және 4-1-бөліктермен толықтырылсын:

"1-1. Өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы уәкілетті органға шынайы емес есепті уақтылы бермеген, бермеген не уәкілетті органның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес сұратқан өзге де ақпаратты бермеген жағдайда -

жиырмадан елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады.";

"4-1. Өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өзара сақтандыру туралы заңнаманы бұза отырып мәмілелер мен операцияларды жүзеге асыруы -

жиырмадан екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады."

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73-құжат, 75; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

117-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) өзара сақтандыру бойынша - алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақылары сомасының 1 проценті мөлшерінде төлейді."

5. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат ; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат, 727; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат, 54; N 13-14, 173-құжат, 176; 26, 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжат; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжат; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар):

7-баптың 2-тармағында "Қазақстан Даму Банкінің" деген сөздерден кейін ", өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; 2005 ж., N 13, 53 - құ ж а т ; N 14 , 58 - құ ж а т) :

6-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда өзара сақтандыру жөніндегі қызмет негізі болып табылатын заңды тұлғаның тіркелуі үшін қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қосымша келісімі талап етіледі."

7. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; 2005 ж., N 14, 55, 58-құжаттар):

1) 3-баптың он бесінші абзацында "тиісті лицензиясы негізінде" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес лицензиясыз" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-баптың 2-тармағында "уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы бар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 9-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Өзара сақтандыру нысанындағы сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру тәуекелдерін қабылдауға құқығы жоқ.";

4) 10-баптың 7) тармақшасы алынып тасталсын;

5) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының құқықтық мәртебесі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы коммерциялық ұйым болып табылады және өз қызметін осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Өзара сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы тұтыну кооперативі ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз қызметін "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құқықтық мәртебесі заңды тұлғаның әділет органдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуімен және уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясы болуымен айқындалады.

Өзара сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының құқықтық мәртебесі уәкілетті органның лицензиясы негізінде, осы Заңмен және "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Өзара сақтандыру жөніндегі қызметті уәкілетті органның лицензиясыз жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының ресми мәртебесі "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.";

6) 45-бап мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Осы баптың 1-5-тармақтарының талаптары өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына қолданылмайды.

7. Уәкілетті органның лицензиясы негізінде өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу

әдістемесі мен сақтандыру резервтерінің құрылымына және қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді .".

8. "Тұтыну кооперативі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 10, 138 - қ ұ ж а т) :

2-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Өзара сақтандыруды жүзеге асыратын тұтыну кооперативтері қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады."

9. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат):

1-баптың 6-тармақшасы ", сондай-ақ лицензиялауға жатпайтын өзара сақтандыру қоғамдарының қызметі." деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап . Осы Заң, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағындағы ережелерінен басқа, ол ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті